



# Казақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл



Тәрбиеші: Тұрлыбекова Б

Шымкент 2021-2022 жж

### Тәуелсіздіктің 30 жылдығы

**Мақсаты:** Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

**Көрнекілігі:** Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың, Қ.Ж. Тоқаевтың суреттері, мемлекеттік рәміздер, слайд, өнүранның фонограммасы, жалаушалар (Балалар қолдарына жалаушаларын ұстап, музыкамен залға кіріп, шашырап тұрады)  
(Фан - фар ойналады, жүргізуші бастайды)

**Тәрбиеші:** Құрметті балалар және қонақтар! Конституция күніне арналған

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» атты тақырыптық кешімізге қош келдіңіздер!

Еркін елдің Ата Заңы ардақты,  
Әрбір сөзі, әрбір бабы салмақты.  
Адам құқы, бостандығы, теңдігі,  
Барлығын да қарастырған жан - жақты!

**Тәрбиеші:** - Арайлаған таңды сүйетін кім?

Бала - р: - Мен.

- Алтын сәулені сүйетін кім?
- Мен.
- Жарқын даланы сүйетін кім?
- Мен.
- Тұған жерді сүйетін кім?
- Мен.
- Ата - аナンы сүйетін кім?
- Мен.
- Досын сүйетін кім?
- Мен.
- Еліміздің болашағы кімдер?
- Біздер!!!

Қазақстан Республикасының Гимні! орындалсын!

**Тақпақтар:**

**Сулейман:** Отан-сенің ата-анан,  
Отан-досын, бауырым  
Отан-өлкен, астанаң,  
Отан-аудан, ауылдың

**Абду:** Айнымайды аспаннан  
Біздің тудың бояуы  
Оны халық кашанда  
Биікке іліп қояды

Абдуллах: Елтанбасы елімнің  
Неткен әйбет, әдемі.  
Тұнығындағы көңілдің  
Ортада аспан әлемі!

**Тәрбиеші:** - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет.  
Еліміз тәуелсіздікті 1991жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін  
алған соң 30 - тамызда 1995жылы өз Ата Занымыз қабылданды. 30  
тамыз – мемлекеттік мереке «Конституция күні» деп аталды. Еліміздің  
тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар.

Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендер де, балалар да –  
мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі  
тиіс. Өз елінің Тұын, Елтаңбасын және Әнұранын құрметтеу – өз  
Отаныңды құрметтеу және сыйлау!

- Балалар, біз қай елде, Республикада тұрамыз?

Бала - р: - Қазақстан Республикасында тұрамыз.

- Қазақстанның елордасы қай қала?

Бала - р: - Нұр-Сұлтан

- Елбасымыз кім?

Бала - р: - Қасым Жомарт Тоқаев

- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?

Бала - р: - Иә. Олар: Әнұран, Ту, Елтаңба.

**Тәрбиеші:** Көне, балалар, тақтаға қарап еліміздің рәміздерін атайдыңы!

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар, балалар! Біздің еліміз тәуелсіз мемлекет!  
Өз Ата заңымыз, өз рәміздеріміз, өз салт - дәстүріміз бар! Бәріміздің өз  
құқықтарымыз бар! Енді әр бала бақытты өмір сүруде өз құқықтарын  
білуге міндетті. Олай болса тамашалап көрейік!!!

1 - Бала: Мен баламын...

Өмір сүрге құқым бар!

2 - Бала: Ерікті, тәуелсіз болуға құқылымын!

3 - Бала: Отбасында тәрбиеленуге құқым бар!

4 - Бала: Демалуға құқылымын!

5 - Бала: Азаматтық алуға құқылымын!

6 - Бала: Емделіп, ем қабылдауға құқылымын!

7 - Бала: Өз - өзімді қорғауға құқылымын!

8 - Бала: Білім алуға, оқуға құқылымын!

**Тәрбиеші:** Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі  
жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің  
білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні  
барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде  
сабактар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл  
күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, үстаздар,

тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұнғыш қонырау соғылады (тәрбиеші қонырау сокқан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұнғыш қоныраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшага күнде келіп, сабак оқып, тәрбие алу керексіндер. Жақсы білім алсандар еліміздің жалауын биікке көтеретін азамат, азаматшалар болып өсесіндер.

**Талшын:**

Шалдықпадым талмадым  
Арманды алға жалғадым  
Конституция қорғаным  
Атасы ол бар заңның

**Айша:**

Әнұраны елімнің  
Шақырады бірлікке  
Егеменді халқымның  
Болашагы бірліктеге

**Айша:** Кындықтан отуге,  
Армандарға жетуге,  
Білім алам ерінбей  
Еліме қызмет етуге

**Аянат:** Білім менің ертегім  
Өсу үшін өркенім  
Жүзем оқу айдынында  
Жайып білім желкенін

**Севда:** Балабақша есігін  
Үшін тола ашқанбыз  
Балапандай мәпелеп  
Өсіруде бакшамыз  
ӘН: «Менің Қазақстаным!»

**Тәрбиеші:** Өркендеп өз қолына алған ісі,  
Биікке қазағымның самға құсы,  
Халық бол қадір тұтып қастерлеген,  
Ата заң – Азат елдің ар — нағысы!  
Халқымыз бірліктегі, татулықта тыныш өмір сүрсін! Еліміздің абыройы  
мен мәртебесі асқақтай берсін! Конституция күні баршамызға құтты  
болсын! Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін!!!  
Сау болыңыздар!!!













 movavi



movavi

Scanned by TapScanner